

**Бейнеу, Маңғыстау және Түпқараған аудандарының халық аз қоныстанған кейбір елді мекендерін жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің құрамына енгізу туралы**

Маңғыстау облысы мәслихатының 2005 жылғы 6 желтоқсандағы N 13/233 шешімі және Маңғыстау облысы әкімінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 319 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет Департаментінде 2006 жылғы 6 қаңтарда N 1935 тіркелді

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 21.05.2015 № 148 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 21.05.2015 № 25/390 бірлескен қаулысымен және шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабы 3) тармағына сәйкес, облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ** және облыс әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұдан әрі есеп деректерінен шығарылып, облыстың халық аз қоныстанған мына ауылдық елді мекендері жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің құрамына енгізілсін :

- 1) Бейнеу ауданы бойынша :  
Қызылту – Ақжігіт ауылдық елді мекеніне;  
Сарша – Сыңғырлау ауылдық елді мекеніне;
- 2) Маңғыстау ауданы бойынша :  
Сауысқан – Ұштаған ауылдық елді мекеніне;  
Өгізөреулі – Жармыш ауылдық елді мекеніне;
- 3) Түпқараған ауданы бойынша :  
Қаңға – Қызылөзен ауылдық елді мекеніне.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 21.05.2015 № 148 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 21.05.2015 № 25/390 бірлескен қаулысымен және шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Бейнеу, Маңғыстау және Түпқараған аудандарының халық аз қоныстанған кейбір елді мекендерін жақын орналасқан селолық елді мекендердің құрамына енгізу туралы" облыстық мәслихаттың 2005 жылғы 30 мамырдағы N 11/205 шешімі және облыстық әкімшіліктің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 167 қаулысының күші жойылды **д е п т а н ы л с ы н .**

3. Осы шешім мен қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*С е с с и я                    т ө р а ғ а с ы*  
*О б л ы с                      ә к і м і*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ